

**Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 62 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 727. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 183 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің теңгенің айырбас бағамының бұдан былайғы саясаты туралы мәлімдемесін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп, осы қаулыны және Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелерін тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап бес күндік мерзімде осы қаулыны және Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелерін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Төраға

## **Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру Ережелері**

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жасалды және еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін АҚШ долларына айырбастауды (бұдан әрі - айырбастау) жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. 1999 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалардың "(банк операцияларының" жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардан басқасы) екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) банктік есепшоттарындағы теңгемен талап етілетін де және мерзімді теңгелік депозиттері де осы Ережелердің" 2, 3, 4 және 5-тармақтарында белгіленген шарттарға сай айырбастауға жатады.

Сонымен қатар, егер 1999 жылғы 29 наурыз - 2 сәуір аралығындағы кезеңде депозитордың банктік есепшотынан ақша алу және/немесе ақша қосу (есептеу) жүзеге асырылған болса, онда депозитордың банктік есепшотындағы 1999 жылғы 2 сәуірдің" аяғындағы депозит сомасы 1999 жылғы 29 наурыздағы депозит сомасы қалдығының шегінде айырбастауға жатады.

1999 жылғы 5 сәуірден бастап өтініш берілген күнге дейінгі кезеңде депозитордың есепшотынан ақша алған және/немесе ақша қосқан жағдайда, 1999 жылғы 2 сәуірдің" аяғындағы қалдық шегінде, осы Ережелердің 6-тармағында көзделгендей өтініш берген күнгі депозитордың есепшотындағы депозиттің нақты сомасы айырбастауға жатады, бірақ 1999 жылғы 29 наурыздағы депозитордың есепшотындағы ақша қалдығынан аспауға тиіс.

Айырбастауға жататын депозит сомасын анықтау мысалдары осы Ережелерге қоса беріліп отыр (N 3 қосымша).

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69 қаулысымен.**

2. Әрбір депозитор - жеке немесе заңды тұлға теңгелік депозиттің мөлшерін дербес айқындайды, ол осы Ережелердің 3-тармағында көрсетілген бағам

бойынша АҚШ долларына айырбасталатын болады және мынадай шектеулер ескеріледі:

1) жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері - 29.03.99 жылғы жағдай бойынша банк есепшотындағы ақшасының бүкіл қалдығы шегінде;

2) заңды тұлғалардың теңгелік депозиттері - 29.03.99 жылғы жағдай бойынша банк есепшотындағы ақша қалдығының 30 %-і шегінде.

3. Теңгелік депозиттердің бағамы 1 АҚШ доллары үшін 88 теңге 30 тиын болады.

4. Депозиттің немесе оның бір бөлігінің сыйақы (мүдде) сомасы есептелмеген сомасын айырбастауға болады. Депозитті қайта ресімдеу күніндегі жағдай бойынша есептелген сыйақыны (мүддені) банк бұрынғы жасалған депозит шартының талаптары бойынша төлейді.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69 қаулысымен.**

5. Осы Ережелердің 2, 3 және 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес АҚШ долларына қайта ресімделген депозиттерді заңды тұлғалар 1999 жылғы 5 қазанға дейін және жеке тұлғалар 2000 жылғы 5 қаңтарға дейін алуына болмайды

Депозитор қайта ресімделген депозиттік есепшоттан өз қалауы бойынша ақшаны (барлығын немесе соманың бір бөлігін) мерзімінен бұрын алған жағдайда, банк осы Ережелерде белгіленген шарттармен депозиттегі ақшаны АҚШ долларына айырбастамайды.

Сонымен бірге банк есеп берілген айдан кейінгі келесі айдың 4 күнінен кешіктірмей ай сайын Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне бұзылған шарттардың сомасы және деректемелері туралы жазбаша түрде хабарлайды.

Депозитордың шотынан ақша алуға құқығы бар үшінші тұлға оның қайта ресімделген депозиттік есепшотынан заңға сәйкес оның келісімінсіз мерзімінен бұрын ақша алған жағдайда, айырбастау депозитордың осы есепшотты толықтыру құқығынсыз, қажетті соманы есептен шығарғаннан кейін көрсетілген есепшоттағы ақша қалдығы бойынша жүргізіледі.

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69; 1999.09.20 N 69 қаулыларымен.**

5-1. Банктің клиенттермен теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшкенге дейін валюта баламасымен белгіленіп жасалған теңгедегі депозиттері айырбастауға жатпайды.

**ЕСКЕРТУ. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

## 2-тарау. Айырбастауды жүзеге асыру тәртібі

6. Айырбастау үшін депозиторлар 1999 жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде банкке осы Ережелерде белгіленген нысан бойынша (N 1, 2 қосымша) үш дана етіп жазбаша өтініш береді.

7. Әрбір депозит бойынша (депозиттің бүкіл сомасына немесе бір бөлігіне) жеке өтініш ресімделеді. Өтінішке банктің қабылдап алғаны туралы белгісі болғанда ғана ол қабылданды және жарамды деп саналады.

8. Депозитор орнында жоқ болғандықтан (іссапарға кеткендіктен), уақытша пайдалана алмайтындықтан, сырқаттанып немесе мүгедек болып қалғандықтан тиісті өтінішті ресімдеу және беру мүмкін болмаған жағдайда осы өтінішті депозитордың сенімді адамы заңда белгіленген тәртіппен ресімдеуіне болады.

Депозиторлар - жеке тұлғалар өтініш беру мерзімін өткізіп алған жағдайда Ұлттық Банк жеке тұлғаның депозитті қайта ресімдеу туралы өтінімін (өтінішін) қарауға құқылы.

Депозиттерін қайта ресімдеу туралы өтініш беру мерзімін дәлелді себептермен өткізіп алған жеке тұлғалардың өтініштерін қарау үшін Ұлттық Банк арнайы комиссия құрады.

**ЕСКЕРТУ. 8-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

8-1 Өтініш беру мерзімін өткізіп алған жеке тұлға 1999 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде осы Ережелерге қоса беріліп отырған нысан бойынша өтінімді (өтінішті) (N 4 қосымша) салым орналастырылған жердегі банкке немесе оның филиалына беруге тиіс, банк оны бұдан кейін Ұлттық Банкке жіберетін болады. Өтініш беру мерзімін өткізіп алған жеке тұлға сондай-ақ өтінімді (өтінішті) Ұлттық Банктің филиалына бере алады.

Өтінімде (өтініште) қайта ресімдеуге өтініш беру мерзімін өткізіп алу себебі (іссапар, сырқаттану және т.б.) толық көрсетілуі тиіс және оны растайтын құжаттар болса, ол қоса берілуі тиіс. Егер теңге депозиті бірнешеу болса, онда жеке тұлға өтінімде (өтініште) әр депозит жөніндегі мәліметтерді жеке көрсетуге тиіс."

Банк немесе оның филиалы өтінім (өтініш) келіп түскен күннен бастап екі күннен аспайтын мерзімде өтінімді (өтінішті) қарау үшін Ұлттық Банкке жіберуге тиіс.

Ұлттық Банк өтінімді (өтінішті) қарау нәтижелері туралы Ұлттық Банктің шешімін өтініш берушіге және депозитордың салымы салынған жердегі банкке немес оның филиалына жібереді.

Ұлттық Банк оң шешім қабылдаған жағдайда, банк осы Ережелерде белгіленген тәртіпке сәйкес депозитті қайта ресімдейтін болады.

**ЕСКЕРТУ. 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

9. Қайта ресімделген депозит бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы банк пен депозитор (салымшы) арасында жасалған шартта (қосымша келісімде) белгіленген тәртіппен айқындалады. Бұл орайда депозит шартына (қосымша келісімге) өтініш түскен күннен бастап жеті күн ішінде қол қойылуға тиіс. Депозит шартына (қосымша келісімге) қол қойылған күннен бастап депозит АҚШ долларына қайта ресімделді деп саналады.

**ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69 қаулысымен.**

10. Банк теңгелік депозит сомасын әрбір қайта ресімделген депозиттік шарт (қосымша келісім) бойынша жаңадан ашылған арнайы баланс есепшотында ескереді.

**ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69 қаулысымен.**

11. Банктер 1999 жылғы 10 мамырға дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке өтініш берген депозиторлардың тізімін депозиттердің сомасын көрсетіп және барлық өтініштердің түпнұсқасының бір данасын қоса беруге міндетті.

Өтініш беру мерзімін өткізіп алған және өздеріне белгіленген мерзімде өтінім (өтініш) берген, ол бойынша Ұлттық Банктің оң шешімі шығарылған депозиторлардың тізілімін банктер Ұлттық Банкке 1999 жылғы 21 қазанға дейінгі мерзімде беруге тиіс. Мұндай депозиторлар тізілімінде сондай-ақ депозит сомасы және өтінімнің (өтініштің) бір данасы болуға тиіс.

**ЕСКЕРТУ. 11-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

12. Ұлттық Банк 1999 жылғы 10 маусымға дейінгі мерзімде банктерден алынған ақпаратты біріктіреді және әр банкпен форвардтық мәмілелер талаптарына сай заңды тұлғалардың қайта ресімделген депозиттерінің сомасы бойынша валютаға айналдырудың күнін 1999 жылғы 5 қазан деп белгілеп және жеке тұлғалардың қайта ресімделген депозиттерінің сомасы бойынша 2000 жылғы 5 қаңтар деп белгілеп, 1 (бір) АҚШ доллары үшін 88 теңге 30 тиын бағамымен АҚШ долларын сату туралы шарт жасайды.

Ұлттық Банк өтініш беру мерзімін өткізіп алған депозиторлар жөнінде банктерден алынған ақпаратты 1999 жылғы 21 қазанға дейінгі мерзімде жинақтайды және осы Ережелерде белгіленген валюталау күндеріне сәйкес заңды және жеке тұлғалардың қайта ресімделген депозиттерінің сомасы бойынша форвард мәмілесінің шарттарымен АҚШ долларын сату туралы банкпен бұрынғы жасалған шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

**ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі**

**Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

13. Осы Ережелердің 5-тармағында белгіленген мерзім аяқталған соң банк Ұлттық Банкке теңгені жеке және заңды тұлғалардың осы Ережелерге сәйкес қайта ресімделген депозиттерінің жалпы сомасы шегінде айырбастап беру үшін аударуға құқылы.

Сонымен бірге банктің Ұлттық Банктен валютаға айналдырудың көрсетілген күні аяқталған соң белгіленген баға бойынша, бірақ қайта ресімделген депозиттер шегінде АҚШ долларын сатып алуға құқығы бар.

14. Ұлттық Банк теңгемен банк аударған соманы алған соң оны осы Ережелердің 3-тармағында белгіленген бағам бойынша айырбастайды да, банктің корреспонденттік есепшотына тиісті соманы АҚШ долларымен аударады.

15. Банк заңды және жеке тұлғалардың депозиттерін өтеуді депозиттік шартта және/немесе қосымша келісімде белгіленген мерзімде жүзеге асырады.

**ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69 қаулысымен.**

15-1. Жекелеген банктер үшін Ұлттық Банктің арнайы қаулысымен депозиторлардың банкке айырбастау өтініштерін беруі, депозиторлармен депозит шарттарын ресімдеуі және банктің Ұлттық Банкке депозиторлар тізілімін беруі жөнінде басқа мерзім белгіленуі мүмкін.

**ЕСКЕРТУ. 15-1 тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

## **2-1-тарау. Теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың теңге депозиттерін айырбастауға байланысты бухгалтерлік есепте банк операцияларын көрсету тәртібі**

15-2. Банк теңге депозиттерін АҚШ долларына қайта ресімдеген кезде депозитордан алған өтініш негізінде онымен Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелерінің ( бұдан әрі - Ережелер) 5-тармағында белгіленген ең аз мерзім ішінде банктегі теңге депозиті (немесе оның бөлігі) сақталған жағдайда оның айырбасталуы көзделген жаңа депозит шартын немесе қосымша келісім жасайды. Сонымен қатар банк депозиттегі қалған ақшаны депозит шартына сәйкес арнайы ашылған 2222 "Клиенттердің арнайы депозит есепшоты" баланстық есепшотына аударады және мынадай бухгалтерлік жазбалар жасайды:

Дт 2200 "Клиенттер алдындағы міндеттемелер"

Кт 2222 "Клиенттердің арнайы депозит есепшоты" (заңды тұлғаға немесе



жеке тұлғаға бөлек жеке есепшот ашылады)

15-3. Ережелердің 9-тармағына сәйкес жаңа депозит шартына (қосымша келісімге) депозитордан тиісті өтініш түскен күннен бастап жеті күннің ішінде қол қойылуға тиіс. Депозит шартына қол қойылғаннан кейін банк теңге бағамы өзгерген сайын немесе айына кем дегенде бір рет (әр айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей) қайта ресімделген депозиттер бойынша өз міндеттемелерін қайта бағалауға және мынадай бухгалтерлік жазбалар жасауға құқылы:

Дт 1880 "Қаржы фьючерстері бойынша дебиторлар"

(Банктің Ұлттық Банкке талаптарын есепке алу үшін бөлек жеке есепшот ашылады)

Кт 2222 "Клиенттердің арнайы депозит есепшоты"

15-4. Ережелердің 12-тармағына сәйкес банк пен Ұлттық Банктің арасында жасалған шарт 7339 "Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар" меморандум есепшотында ескеріледі.

Кіріс 7339 "Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар"

15-5. Қайта ресімделген депозит бойынша сыйақы (мүдде) жасалған депозит шартындағы талаптарға сәйкес депозитке валютамен бағам бойынша есептеу күніне бағдарланғандай (есептелгендей) келісілген сыйақы (мүдде) ставкасы бойынша ай сайын есептеледі. Сонымен қатар мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Дт 5215 "Клиенттердің қысқа мерзімді депозиттері бойынша сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстар"

Кт 2720 "Клиенттердің депозиттері бойынша есептелген шығыстар"

Сонымен қатар егер депозит шартында есептелген сыйақыны (мүддені) ай сайын төлеу көзделген болса, онда оны төлеген кезде банк мынадай бухгалтерлік жазбалар жасайды:

Дт 2720 "Клиенттердің депозиттері бойынша есептелген шығыстар"

Кт 1001, 1050, 2200 "Кассадағы қолма-қол ақша"

"Корреспонденттік есепшоттар, "Клиенттер алдындағы міндеттемелер"

15-6. Банк қайта ресімделген депозит бойынша ай сайын сыйақы (мүдде) есептеуді және қайта бағалауды Ережелерде көзделгендей клиенттердің депозиттерін өтеу мерзімі жеткенге дейін жоғарыда көрсетілген тәртіппен жүргізіп отырады.

15-7. Ережелерде көзделгендей клиенттердің депозиттерін өтеу мерзімі жеткен кезде банк теңгедегі соманы АҚШ долларына айырбастау үшін 1 АҚШ долларына 88,3 теңге бағамымен Ұлттық Банкке аударады. Сонымен қатар мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Дт 1860 "Басқа дебиторлар"

Кт 1051 "Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкіндегі корреспонденттік есепшоты"

15-8. Банктің корреспонденттік есепшотына түскен АҚШ доллары есепте мынадай бухгалтерлік жазбалар арқылы көрсетіледі:

Дт 1052 "Банктің басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттары"

Кт 2203 "Клиенттердің ағымдағы есепшоттары"

сонымен бір уақытта

Дт 2222 "Клиенттердің арнайы депозит есепшоттары"  
депозиттер сомасына

Кт 1860 "Басқа дебиторлар" ҚРҰБ-не аударылған  
сомаға

Кт 1880 "Қаржы фьючерстері бойынша дебиторлар"  
қайта бағалау сомасына

Сонымен бір уақытта 7339 "Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар" шығысы жүзеге асырылады.

15-9. Депозитор қайта ресімделген депозиттен өз қалауымен ақша (бәрін немесе соманың бір бөлігін) алған жағдайда банк АҚШ долларымен депозитті Ережелерде белгіленген талаптармен жүргізбейді. Сонымен қатар банк тиісті баланстық есепшот бойынша бұрын өзі жүргізген барлық бухгалтерлік жазбаларын түзетіп қайта жазады (сторно) және 7339 "Әртүрлі құндылықтар мен құжаттар" меморандум есепшотының шығысын жүзеге асырады.

15-10. Депозитордың есепшотынан оның келісімінсіз заңға сәйкес ақша алуға құқығы бар үшінші тұлға қайта ресімделген есепшоттан мерзімінен бұрын ақша алған жағдайда, депозитордың осы есепшотқа толықтырып ақша салу құқығынсыз-ақ талап етілген соманы есептен шығарғаннан кейін көрсетілген есепшоттағы ақша қалдығы бойынша айырбасталады.

1) Депозитордың есепшотынан оның келісімінсіз заңға сәйкес ақша алуға құқығы бар салық қызметінің органы немесе басқа орган қайта ресімделген депозит есепшотына инкассо өкімін шығарған кезде, банк салық заңдарына сәйкес инкассо өкімінде көрсетілген соманы 1880 "Қаржы фьючерстері бойынша дебиторлар" б/есепшотына есептелетін депозитор қаражаты және банк қаражаты есебінен есептен шығаратын болады. Сонымен қатар мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Дт 2222 "Клиенттердің арнайы депозит есепшоттары"

Кт 1050 "Корреспонденттік есепшоттар"

Сонымен бір уақытта 7339 "Әртүрлі құндылықтар және құжаттар" кірісі жүзеге асырылады.

2) Банк қайта, ресімделген депозит есепшотынан қаражатты есептен шығарғаннан кейін Ұлттық Банкке 1880 "Қаржы фьючерстері бойынша



дебиторлар" б/есепшоты шегінде банк төлеген соманың есептен шығарылғанын растайтын құжат береді. Корреспонденттік есепшотқа тиісті сома түскен жағдайда банк мынадай бухгалтерлік жазбалар жасайды:

Дт 1050 "Корреспонденттік есепшоттар"

Кт 1880 "Қаржы фьючерстері бойынша дебиторлар"

3) Банк ай сайын сыйақы (мүдде) есептеуді, сондай-ақ қайта ресімделген депозитті қайта бағалауды мұндай жағдайда Ережелерде көзделген клиент депозиттерін өтеу мерзімдері жеткенге дейін жоғарыда көрсетілген тәртіппен есептен шығарғаннан кейінгі ақша қалдығы бойынша жүргізеді.

**ЕСКЕРТУ. 2-1 тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69 қаулысымен.**

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

16. Банктер мен депозиторлардың айырбастауды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі іс-қимылын үйлестіру мақсатында банктердің банк басқармасы төрағасының орынбасары бастаған байланыс жасау топтарын жасақтап, екі күндік мерзімде Ұлттық Банкке олардың мүшелері туралы лауазымдары мен телефон нөмелерін көрсете отырып хабарлауы қажет.

17. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына сәйкес шешіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің

Төрағасы

N 1 қосымша

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Ұлттық валютамен депозит  
орналастырылған банктің немесе  
оның филиалының толық атауы)  
Азамат(ша) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(депозит иесінің аты-жөні)

Жеке куәлігі N \_\_\_\_\_

немесе паспорт сериясы \_\_\_\_

N \_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз);**

2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)

қаулыларымен.

Өтініш

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 62 қаулысына сәйкес 1999 жылдың 29 наурызындағы жағдай бойынша \_\_\_\_\_ АҚШ долларын құрайтын, 1 АҚШ доллары үшін 88 теңге 30 тиын бағамы бойынша \_\_\_\_ мөлшеріндегі теңгені АҚШ долларындағы депозитке есептелінген сыйақыны (мүддені) қоспай, N \_\_\_\_\_ теңгелік банктік есепшоттағы депозит сомасын (теңгелік депозитті) қайта ресімдеуді сұраймын.

Өз кезегімде, 2000 жылдың 5 қаңтарына дейін осы депозитті алмауды міндетіме аламын.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне банктік құпияны сақтау талаптарына сай беруге қарсылығым жоқ.

Өтінім беруші \_\_\_\_\_ Банктің белгісі:

бақылаушы \_\_\_\_\_

орындаушы \_\_\_\_\_

Өтініш берілген күн \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Банктің немесе филиалдың мөрі  
N 2 қосымша

\_\_\_\_\_  
(Ұлттық валютамен депозит  
салынған банктің немесе  
оның филиалының толық атауы)

\_\_\_\_\_  
(депозит иесі - заңды  
тұлғаның толық атауы)  
Заңды мекен-жайы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
1999 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_ N \_\_\_\_  
мемлекеттік тіркеу туралы  
куәлік  
СТН \_\_\_\_\_

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының  
2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз);  
2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)

қаулыларымен.

Өтініш

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін айырбастауды жүзеге асыру ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 62 қаулысына сәйкес 1999 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша \_\_\_\_\_ АҚШ долларын құрайтын, 1 АҚШ доллары үшін 88 теңге 30 тиын бағамы бойынша \_\_\_\_ мөлшердегі теңгені АҚШ долларындағы депозитке есептелген сыйақыны (мүддені) қоспай, N \_\_\_\_\_ теңгелік банктік есепшоттағы \_\_\_\_\_ (теңге депозиті) депозит сомасынан %-ті (30 %-тен аспайтын) қайта ресімдеуді өтінеміз.

Өз кезегімізде, осы депозитті 1999 жылғы 5 қазанға дейін алмауға міндеттенеміз.

Жоғарыда көрсетілген ақпаратты туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне банктік құпиялылықты сақтау талаптарына сай беруге қарсылығымыз жоқ.

Өтініш иесінің бірінші басшысының қолы \_\_\_\_\_ М.О.

Бас бухгалтердің қолы \_\_\_\_\_

Өтініш берілген күн \_\_\_\_\_

Банктің белгісі:

бақылаушы \_\_\_\_\_

орындаушы \_\_\_\_\_

күні \_\_\_\_\_

Банктің немесе филиалдың мөрі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Басқармасының 05.04.99 жылғы N 62  
қаулысымен бекітілген  
Еркін өзгермелі айырбас бағамы  
режиміне көшуге байланысты жеке және  
заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі  
банктердегі теңгелік депозиттерін  
айырбастауды жүзеге асыру  
ережелеріне  
N 3 қосымша

**ЕСКЕРТУ. 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.04.12 N 69 қаулысымен.**

Айырбастауға жататын депозит сомасын белгілеу мысалдары

1-мысал:

Депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 29.03.99 жылғы жағдай бойынша 10000 теңге болды.

Депозитор 02.04.99 жылы өзінің есепшотына 6000 теңге салып, өзінің банктік

есепшотындағы ақша қалдығын күннің" аяғына қарай 16000 теңгеге ұлғайтты. Бұдан әрі есеп шот бойынша өзгерістер болған жоқ, және депозитор банкке өтініш берген күннен бастап оның банктік есепшотында 16000 теңге болды.

Бұл жағдайда ақша қалдығы шегіндегі депозит сомасы, яғни 10000 теңге 1999 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша айырбастауға жатады.

2-мысал:

Депозитордың банктік есепшотындағы қалдық 29.03.99 жылғы жағдай бойынша 10000 теңге болды.

31.03.99 жылы депозитор өзінің есепшотынан 4000 теңге алды, нәтижесінде 31.03.99 жылғы күннің аяғында қалдық 6000 теңге болды.

Депозитор 02.04.99 жылы өзінің есепшотына 2000 теңге салып, өзінің банктік есепшотындағы ақша қалдығын күннің" аяғына қарай 8000 мың теңгеге ұлғайтты . Бұдан әрі есепшот бойынша өзгерістер болған жоқ және депозитор банкке өтініш берген кезден бастап (08.04.99 ж.) оның банктік есепшотында 8000 теңге болды.

Бұл жағдайда 1999 жылғы 2 сәуір күнгі ақша қалдығы шегіндегі депозит сомасы, яғни 8000 теңге 1999 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша айырбастауға жатады.

3-мысал:

Депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 29.03.99 жылғы жағдай бойынша 10000 теңге болды.

30.03.99 жылы депозитор өзінің есепшотынан 1000 теңге алды, нәтижесінде осы күннің" аяғынан бастап және 02.04.99 ж. күндер аралығында депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 9000 теңге болды.

07.04.99 жылы депозитор өзінің есепшотынан тағы 2000 теңге алды, банкке өтініш бергенге дейін өзінің"есепшоты бойынша операциялар жасаған жоқ. Осылайша депозитор банкке өтініш жасағанда (08.04.99 ж.) оның есепшотындағы ақша қалдығы - 7000 теңге болды.

07.04.100 Бұл жағдайда өтініш берілген күнгі депозит сомасы, яғни 7000 теңге айырбастауға жатады.

4-мысал:

Депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 29.03.99 жылғы жағдай бойынша 10000 теңге болды.

30.03.99 жылы депозитор өзінің есепшотынан 2000 теңге алды, нәтижесінде осы күннің"аяғында және 02.04.99 ж. күндер аралығындағы депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 8000 теңге болды.

07.04.99 ж. депозитор өзінің есепшотына 12000 теңге салды.

08.04.99 ж. депозитор депозитті қайта ресімдеуге өтініш берді.

Осылайша депозитор банкке өтініш жасағанда (08.04.99 ж.) оның

есепшотындағы ақша қалдығы - 20000 теңге болды.

Бұл жағдайда 02.04.99 ж. күнгі депозит сомасы, яғни 8000 теңге айырбастауға жатады.

5-мысал:

Депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 29.03.99 жылғы жағдай бойынша 10000 теңге болды.

30.03.99 ж. депозитор 4000 теңге алды, және 8.04.99 ж. күнге дейін өзінің есепшоты бойынша операциялар жасаған жоқ. Осылайша 02.04.99 ж. күннің аяғына қарай депозитордың банктік есепшотындағы ақша қалдығы 14000 теңге болды.

08.04.99 ж. депозитор өзінің есепшотына 9000 теңге ақша салды, оның есепшотында жалпы қалдық көрсетілген күннің аяғына қарай 23000 теңге болды, 09.04.99 ж. депозитор депозитті қайта ресімдеуге өтініш берді.

Бұл жағдайда 29.03.99 ж. жағдай бойынша депозит сомасы, яғни 10000 теңге айырбастауға жатады.

6-мысал:

Депозитор айырбастауға жататын 10000 теңгеден 6000 теңгені (депозиттің 60%-ін) айырбастау үшін өтініш берді.

Бұл жағдайда айырбастай отырып, ресімдеуге жататын 6000 теңге ғана, оны банк Ереженің 10-тармағына сәйкес қайта ашылатын арнайы баланс шотына жеке есепке алады.

Қалған 4000 теңге бұрынғы есепшотқа есепке алынады және айырбастауға жатпайды.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
1999 жылғы 5 сәуірдегі  
N 62 қаулысымен бекітілген  
Еркін өзгермелі айырбас бағамы  
режиміне көшуге байланысты  
жеке және заңды тұлғалардың  
екінші деңгейдегі банктердегі  
теңгелік депозиттерін  
жүзеге асыру ережелеріне  
N 4 қосымша  
Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі  
Депозиттерін қайта ресімдеу туралы  
өтініштерді беру мерзімін дәлелді  
себептермен өткізіп алғандар  
жеке тұлғалардың өтініштерін  
қарау жөніндегі комиссияға азамат

(Аты-жөні толық және анық жазылсын)

Жеке куәлігі N \_\_\_\_\_ немесе

паспорт сериясы N \_\_\_\_\_

СТН \_\_\_\_\_

ЕСКЕРТУ. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999.09.20 N 69; өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

Өтініш

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 62 қаулысымен бекітілген Еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге байланысты жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі теңгелік депозиттерін жүзеге асыру ережесінің 8-тармағына сәйкес N \_\_\_\_\_ теңгелік банктік есепшоттағы (теңгелік депозит) маған қатысты депозит сомасын есептелген сыйақыны (мүддені) қоспай, 1999 жылғы 29 наурыздағы жағдай бойынша \_\_\_\_\_ теңге (санмен және жазумен көрсетілсін) мөлшеріндегі депозитті, 1 АҚШ доллары үшін 88 теңге 30 тиын бағамы бойынша АҚШ долларымен қайта ресімдеуіңізді сұраймын,

ол \_\_\_\_\_ АҚШ доллары болады.

(санмен және жазумен көрсетілсін)

Депозит \_\_\_\_\_

(банктің атауы (егер депозит екінші деңгейдегі банктің филиалына салынған жағдайда, филиалдың тұрған жері бойынша аудан, облысты көрсете отырып, елді-мекенді көрсетеді.))

салынған.

Мен, \_\_\_\_\_

(аты-жөні баспа әріптерімен толық көрсетілсін)

\_\_\_\_\_

(өтініш беру мерзімін өткізіп алғаныңыздың себебін толық және анық жазыңыз)

себебі бойынша Ережеде белгіленген мерзімде өтініш бере алмадым.

Растайтын құжат ретінде \_\_\_\_\_

(растайтын құжаттың толық атауын және деректемелерін (берілген күні, номері және басқасын көрсетіңіз)

қоса беріп отырмын.

(Егер теңгелік депозиттер бірнешеу болған жағдайда, онда депозит сомасы және номері туралы мәліметтер әрқайсысы бойынша жеке көрсетілуі тиіс)

Өтініш берушінің қолы

Өтініш берілген күн

Мекен-жайы (толық почталық мекен-жайы көрсетілсін)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК